

Бекітемін:
«Умники» бөбекжйы
Директор: Смайлов.А. А



(№1 педагогикалық кеңес хаттамасында қаралды.28. 08.2024 ж)

«Айгөлек » Мектеп алды тобы.

Тәрбиешілер: Калимуллина.Л.Н.
Алагузова.М.О.

Түсінік хат

2024-2025 оқу жылында мектепке дейінгі ұйымдар, «мектеп-бөбекжай-балабақша» кешендері, жалпы орта, негізгі орта білім беретін, бастауыш мектептер жанындағы шағын орталықтар, мектепалды сыныптар тәрбиелеу мен оқыту процесін төмендегі **нормативті-құқықтық құжаттарын басшылыққа алып ұйымдастырады:**

- Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 15 наурыздағы №137 қаулысымен бекітілген «Мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытуды дамыту моделі»;

- Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 31 тамыздағы №385 «Мектепке дейінгі, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру, мамандырылған, арнаулы білім, жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған білім беру ұйымдарында балаларға және ересектерге қосымша білім беру ұйымдарының үлгілік қағидаларын бекіту туралы» бұйрығымен бекітілген мектепке дейінгі ұйымдар қызметінің **Үлгілік қағидалары**;

- Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы №348 «Білім берудің барлық деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарының бекіту туралы» бұйрығымен бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті **Стандарты**;

- Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 20 желтоқсандағы №557 «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың **үлгілік оқу жоспарларын** бекіту туралы» бұйрығына өзгерістер енгізу туралы Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 9 қыркүйектегі №394 бұйрығы;

- Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің міндетін атқарушының 2016 жылғы 12 тамыздағы №499 «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың **үлгілік оқу бағдарламаларын** бекіту туралы» бұйрығымен (өзгерістер мен толықтырулар) бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы. Үлгілік оқу бағдарламасының мазмұнын меңгеру мерзімі – 5 жыл, бір жас тобында – 1 жыл;

- Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту Министрінің міндетін атқарушының 2024 жылғы 30 шілдедегі № 194 бұйрығының 2 қосымшасы **«Біртұтас тәрбие» бағдарламасы**;

- 2024-2025 оқу жылында Қазақстан Республикасының мектепке дейінгі ұйымдары мен мектепалды сыныптарында тәрбиелеу-білім беру процесін ұйымдастыру туралы **әдістемелік нұсқау хаты** (ҚР ОАМ «Балаларды ерте дамыту институты» РММ ғылыми-әдістемелік кеңесінің шешімімен 2024 жылғы 17 маусымдағы №5 хаттамасы).

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары және Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы негізінде
2024 - 2025 оқу жылына арналған ұйымдастырылған іс-әрекеттің перспективалық жоспары

Білім беру ұйымы: «Умники» бөбекжайы
«Айгөлек » Мектепалды тобы.

Балалардың жасы: 5
«Еңбекқорлық және кәсіби біліктілік айы»

Айы.	Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері	Күтілетін нәтеже
Қыркүйек	Дене шынықтыру	Пән мұғалімінің жоспары бойынша.	
	Дене шынықтыру**	Дербес қимыл белсенділігі: Қимылды ойынның дамуына ықпал ететін әртүрлі құралдар мен спорттық жабдықтары бар ортаны құру Салауатты өмір салтын қалыптастыру: Адам ағзасы және оның қызметінің ерешеліктері туралы түсініктерді кеңейту Мәдени-гигиеналық дағдыларды жетілдіру; Мәдениетті тамақтану және асхана құралдарын еркін қолдану дағдыларын жетілдіру Сауықтыру-шынықтыру шаралары. Су температурасын біртіндеп төмендете отырып, қарапайым шараларды өз бетінше жүргізуге дағдыландыру	Гигиеналық шараларды өз бетінше орындайды
	Сөйлеуді дамыту	Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті Ана тіліндегі дауысты дыбыстарды дұрыс, анық айтуды үйрету Сөздік қор. Балалардың сөздік қорын тұрмыстық заттарды білдіретін зат есімдермен, байыту Тілдің грамматикалық құрылымы. Сөйлемдердегі сөздерді зат есімдерді сан есімдермен үйлестіре білуді жетілдіру Байланыстырып сөйлеу. Айналасындағылармен өздігінен диалогті бастауға ынталандыру	ана тіліндегі барлық дыбыстарды айта алады; дыбыстарды анық айта алады

		Шығармашылықпен сөйлеу қызметі. Шығармашылық әңгімелеп беруді жетілдіру	
	Көркем әдебиет	Балаларды қол жетімді көркем шығармалар мен фольклорға, театр әлеміне баулу, кітапқа деген қызығушылығын дамыту	Кітаптарға қызығушылық танытады
	Қазақ тілі***	Тілдік дамытушы орта. Ауызекі сөйлеуді қарым-қатынас құралы ретінде дамыту. Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті. Тілдік және артикуляциялық аппаратты дамыту, Сөздік қор. Қазақ халқы қолөнер шеберлерімен жасалған киіз үйдің заттарын және тұрмыстық заттарды білдіретін (кереге, уық, шаңырақ, ағаш керует, кебеже, сандық, кілем, сырмақ, алаша, ши, бау, басқұр, арқан, жіп) сөздерімен толықтыру Тілдің грамматикалық құрылымы Сөздерді жіктеп қолдана білуді Байланыстырып сөйлеу. Өз бетінше қарым-қатынас жасауға , әңгімелесуге баулу	Қазақ халқының қолөнер шеберлері мен жасалған бұйымдарды біледі
	Сауат ашу	Әрбір сөздің мағынасы болатыны туралы түсінік қалыптастыру, Қолды жазуға дайындау. Жазу кезінде арқаны дұрыс ұстау ережелерімен таныстыру. геометриялық фигуралардың дайын суреттерінің сыртын шетке шығармай бастыру	Сөздің мағынасын түсінеді
	Математика негіздері	Жиын. Жиынды сапасы бойынша әртүрлі элементтерден(түсі, өлшемі, пішіні, дыбысы, қимылы, қолданылуы бойынша затарадан) құру Сан, санау. 10 көлеміндегі сандарды тура санауға жаттықтыру Шама. Заттардың (5 және одан артық) ұзындығын, биіктігін , ені мен жуандығын анықтай білу	Жиынды сапасы бойынша әртүрлі элементтерден құрады

	Геометриялық пішіндер: Шеңбермен және тіктөртбұрышпен салыстыру арқылы сопақша пішінмен таныстыру Кеңістікте бағдарлау. Кеңістік ұғымдарын бекіту: заттың кеңістікте орналасуы (сол жақта, оң жақта, жоғарыда, төменде); Уақытты бағдарлау. Әртүрлі оқиғалардың , апта күндерінің , тәулік бөліктерінің реті туралы білімді бекіту	
Қоршаған ортамен таныстыру	Бала, оның отбасы, үйі: Өзінің жасына сәйкес өмірінде болатын өзгерістерді , балабақшаға баруы, мектепке баруы, ересек азамат болып ержетуі мен еңбек етуі, болашақта табысты болуы үшін білімнің қажеттігін түсінуіне , болашақта мектепке оқуға ынтасын арттыру , жаңаны тануға, өз өміріне қажетті дағдылады игеруге ықпал ету Заттық әлем. Заттар және олардың белгілерін нақтылау Көлік, байланыс құралдары: Арнайы көлік құралдарының түрлерін Еңбекке баулу. Әртүрлі мамандықтар, балабақша қызметкерлерінің еңбегі туралы түсініктерін кеңейту, Адамгершілік және патриоттық тәрбие. Балаларды адамгершілік құндылықтарға, өз іс-әрекеттері мен басқа адамдардың іс-әрекеттерін бағалай білуге, өзінің іс-әрекетіне басқалар пікірін білдірген жағдайда ол пікірді дұрыс қабылдауға, Жол қозғалысы ережелері. Жолда қауіпсіздік ережелерін сақтау Табиғатпен таныстыру Тірі және өлі табиғат құбылыстары туралы білімдерін кеңейту. Өсімдіктер әлемі. Туған өлкенің өсімдіктері (ағаштар, бұталар, гүлдер, шөпті өсімдіктер) туралы түсініктерін кеңейту,орман,	Өзінің болашағын а, табысты болу үшін білімнің қажеттігін түсінеді

		шалғын және бақша ұғымдарымен таныстыру Жануарлар әлемі. Қазақстан аумағын мекендейтін жануарлар мен олардың төлдерін атау және олардың өздеріне тән белгілері бойынша ажырату	
	Сурет салу	Заттардың, ертегі кейіпкерлерінің бейнесін өзіне тән ерекшеліктерімен салу, сюжеттерде қарапайым мағыналы байланыстарымен ондағы заттардың арасындағы кеңістіктік қатынастарды жеткізе білу. Парақта кеңістіктегі заттардың қалпын беру, заттардың жазықтықта әртүрлі орналасуы мүмкін екендігін түсіндіру (тұрады, жатады және қалпын өзгерте алады), тірі табиғат заттарының бейнелерін күрделі емес қимылдар мен қалыптар арқылы беру (өсімдіктер, жануарлар, құстар)	Заттардың жазықтықта әртүрлі орналасуы мүмкін екендігін түсінеді
	Мүсіндеу	Сазбалшық, ермексаз және пластикалық массадан мүсіндеудің ерекшеліктерін білу	Саз балшық, ермексаз және пластикалық массадан мүсіндеу ерекшеліктерін біледі
	Жапсыру	Қайшыны қолдануды бекіту: жолақтардан тікбұрышты пішіндер, шаршылардан үшбұрышты пішіндер, шаршы немесе тікбұрыштың бұрыштарын қию арқылы дөңгелек және сопақша пішіндерді қиып алу	Қайшымен түрлі геометриялық пішіндерді қияды
	Құрастыру	Құрылыс материалдарынан, конструктор бөлшектерінен құрастыру. Ауызша сипаттау бойынша ұсынылған тақырыпқа құрастыру Қағаздан құрастыру. Қағаз цилиндрден қазақ халқының ұлттық бас киімі	Ұсынылған тақырыпқа өз бетінше ойдан құрастырады

		тақияны құрастыру Табиғи, қалдық материалдардан құрастыру. Табиғи материалдарды дұрыс пайдалануға үйрету	
	Музыка	Пән мұғалімінің жоспары бойынша.	
	Музыка****	Музыка тыңдау: Балаларды шығармалардың эмоционалды мазмұнын , олардың сипатын, көңіл-күйін, динамикалық ерекшеліктерін ажырата білуге үйрету Ән айту: Ән айтуда дауыспен вокалдық-есту қабілетін үлестіруді жетілдіру Музыкалық-ырғақтық қимылдар: Музыканың және оның бөліктерінің сипатындағы өзгерістерге сәйкес қимылдарды өзгерте отырып, жаттығуларды орындауға үйрету Билер: Қосалқы және ауыспалы қадам жасауды меңгеру Балалардың музыкалық аспаптарында ойнау Балалар музыкалық аспаптарында қарапайым таныс әуендерді орындауға үйрету	Музыкалы қ шығармала рға көзқарасын білдіреді,оның сипатын, мазмұны туралы айтады

«Тәуелсіздік және Отаншылдық айы»

Айы.	Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері	Күтілетін нәтеже
Қазан	Дене шынықтыру	Пән мұғалімінің жоспары бойынша.	
	Дене шынықтыру**	Дербес қимыл белсенділігі: Балалардың құрдастарымен қимылды ойындарды өз бетінше ұйымдастыруына жағдай жасау Салауатты өмір салтын қалыптастыру: Балалардың назарын ағзасы мен денсаулығының ерекшеліктеріне аудару Мәдени-гигиеналық дағдыларды жетілдіру; Жеке гигиена ережелерін орындауда өзін-өзі бақылауды дамыту Сауықтыру-шынықтыру шаралары. Су температурасын біртіндеп төмендете отырып, қарапайым шараларды өз бетінше жүргізуге дағдыландыру	Қимылды ойындарды өз бетінше ұйымдастыруда бастамшылық танытады
	Сөйлеуді дамыту	Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті Айтылуы және дыбысталуы ұқсас дауыссыз б-п дыбыстарды дұрыс айтуды үйрету Сөздік қор. Балалардың сөздік қорын заттардың қасиеттері мен сапасын сипаттайтын сын есімдермен байыту Тілдің грамматикалық құрылымы. Сөйлемдегі сөздерді сын есімдерді зат есімдермен үйлестіре білуді жетілдіру Байланыстырып сөйлеу. Әңгімелесушіні мұқият тыңдап, сұрақтарды дұрыс қоюға және қойылған сұрақтарға қысқаша немесе толық жауап беруге баулу Шығармашылықпен сөйлеу қызметі.	Айтылуы және дыбысталуы ұқсас дыбыстарды анық айтады

		Ересектердің көмегімен әңгіменің жалғасын құрастыру	
	Көркем әдебиет	Әдеби шығармаларды эмоционалды қабылдауына ықпал ету, олардың мазмұнын түсіну, себеп-салдарлық байланыстарды, жанрларды (ертегі, әңгіме, өлең) ажырату, тілдің көркемдігін сезіну (эпитеттер, сипаттамалар, образды сөздер), шығарма кейіпкерлерінің іс-әрекетін бағалау	Шығармалардың мазмұнын эмоциямен қабылдайды
	Қазақ тілі***	Тілдік дамытушы орта. Ауызекі сөйлеуді қарым-қатынас құралы ретінде дамыту. Қазақ халқының тұрмыстық заттарымен, киім-кешегімен, азық-түлік өндірудегі тұрмыстық кәсібімен, тұрмыста, аң аулауда, мал өсіруде және егіншілікке қажетті құрал жабдықтары, туған өлкенің көрнекі жерлері, әсем табиғаты, тарихи орындары туралы суреттер, фотолар, альбомдармен жабдықталған орта құру. Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті. Тыныс алуды және таза дикцияны дамыту Сөздік қор. азық-түлік атауларын (бидай, күріш, арпа, жүгері, талқан, тары, жент, құрт, сүзбе, шұбат, қымыз, айран) сөздерімен толықтыру Тілдің грамматикалық құрылымы Сөздерді тәуелдеп қолдана білуді Байланыстырып сөйлеу. Әңгімелесушінің сөзін мұқият тыңдауға, сұрақтарды дұрыс қоюға, оған қысқа және толық нақты жауап беруге баулу	Азық-түлік атауларын атайды
	Сауат ашу	Сөздің мағынасына қызығушылыққа баулу, сөздегі дыбыстардың ретін анықтау, Жазу парағында бағдарлай білу, жазу жолы мен жоларалық кеңістікті ажырата білуге үйрету. көкөністердің суреттерін бастыру	Сөздің мағынасын түсінеді
	Математика негіздері	Жиын: Жиындарды бөліктерге бөлу Сан, санау. 10 көлеміндегі сандарды кері санауға	10 көлеміндегі сандарды кері санауды біледі;

	жаттықтыру Шама. Заттарды шамасына қарай өсу және кему ретімен орналастыру Геометриялық пішіндер: Геометриялықфигуралар (дөңгелек, сопақша, үшбұрыш, шаршы, тіктөртбұрыш) ажырата білуге жаттықтыру Кеңістікте бағдарлау. Заттарды кеңістікте орналастыру (сол жақта, оң жақта, жоғарыда, төменде) Уақытты бағдарлау. Айлар, жыл мезгілдері туралы түсініктерді қалыптастыру, олардың ретін білу және атау	
Қоршаған ортамен таныстыру	Бала, оның отбасы, үйі: Өзінің болашағына,біліміне, денсаулығына, қызметіне, жетістіктеріне сенімді болуға, қоғамға пайдасын тигізуге баулу. Заттық әлем. Бейтаныс заттардың қолданылуын түсіну Көлік, байланыс құралдары: Көліктердің белгілі бір жұмыс түрін орындау үшін олардың жабдықталуын түсіну. Еңбекке баулу. Еңбектің мазмұны, сипаты және нәтижесінің маңызын, түсіну және бағалау. Адамгершілік және патриоттық тәрбие. Өз ісіне адал болуға, еңбек етуде, шығармашылық әрекеттерденәтижеге жетуге ұмтылуға, сеніп тапсырған тапсырмаларды жауапкершілікпен орындауға, айналасындағыларғаәрқашан әділ болуға,оларға қолдау көрсетуге, көмек беруге, жалған сөйлемегуге,өзінің педагогтерін, үлкендерді сыйлауға, кішіге қамқор болуға	Өзінің болашағына, табысты болу үшін білімнің қажеттігін түсінеді

		баулу. Жол қозғалысы ережелері. Жол белгілерін(жүру бөлігі, жаяу жүргіншілер өткелі, тротуар, велосипед, электросамокат, гироскутер, сигвейге арналған жол) білу Табиғатпен таныстыру Өлі табиғат ұғымымен таныстыру Өсімдіктер әлемі. Өсімдіктердің тірі тіршілік иесі екендігін бақылау және себеп-салдарлық байланыстарды ажырату Жануарлар әлемі. жыл құстары мен қыстайтын құстарды ажырата білу, құстардың пайдасы туралы білу, оларға қамқорлық жасау.	
	Сурет салу	Заттардың пішіндеріне, бөліктердің салыстырмалы өлшеміне және олардың орналасуына сүйене отырып, түстер мен олардың реңктерін беру, негізгі пішінді, заттар мен олардың бөліктерінің пропорцияларын мәнерлеп жеткізе білу, түстерді өз қалауы бойынша таңдау.Бояулармен жұмыс жасауды жетілдіру (бояғышта акварельді сумен араластыру, қажетті түсті алу), қанық түстер алу үшін қарындашты түрліше басып бояу, бейнелеу, түсті қанық беру үшін қағаздың фонын таңдау және бояуларды үйлестіру, өз жұмысының нәтижелерін бағалау.	Жаңа түстерді және реңктерді бояуды араластыру арқылы шығарады
	Мүсіндеу	Шынайы бейнесіне қарап және ойдан пішіндері мен өлшемі әртүрлі таныс заттарды: көгөністерді, жемістерді, ойыншықтарды, ыдыстарды мүсіндеу, оларға тән ерекшеліктерді беру, қолдың және саусақтардың қимылдарын жетілдіру, қарапайым пропорцияларды сақтай отырып, адам мен жануардың пішіндерін мүсіндеу.	Шынайы бейнесіне қарапжәне ойдан пішіндері мен өлшемі әртүрлі таныс заттарды мүсіндейді
	Жапсыру	Қағаздан таныс немесе ойдан әртүрлі бейнелерді, қатпарланып бүктелген қағаздан бірдей бірнеше пішіндерді және екіге	Таныс немесе ойдан әртүрлі бейнелерді, қатпарланып

		бүктелген қағаздан симметриялы пішіндегі заттарды қию	бүктелген қағаздан бірдей бірнеше пішіндерді және екіге бүктелген қағаздан симметриялы пішіндегі заттарды қияды
	Құрастыру	Құрылыс материалдарынан, конструктор бөлшектерінен құрастыру. Өз бетінше ойдан құрастыру Қағаздан құрастыру. Қағаз цилиндрден қазақ халқының ұлттық бас киімі сәукеле құрастыру Табиғи, қалдық материалдардан құрастыру. Табиғи және қалдық материалдармен жұмыс жасау кезінде өзінің әрекетін жоспарлу дағдыларын жетілдіру, дербестік пен шығармашылық танытып, мақсатты түрде жұмыс жасай білу	Ұсынылған тақырыпқа , өз бетінше ойдан құрастырады
	Музыка	Пән мұғалімінің жоспары бойынша.	
	Музыка****	Музыка тыңдау: Музыкалық шығармаға көзқарасын білдіру, оның сипаты , мазмұны туралы айту Ән айту: Бірінші октасаның «ре» , екінші октаваның «до» диапазонда жеңіл дауыспен ән айту Музыкалық-ырғақтық қимылдар: Музыканың және оның бөліктерінің сипатындағы өзгерістерге сәйкес қимылдарды өзгерте отырып, жаттығуларды орындауға үйрету Билер:	Музыкалық шығармаларға көзқарасын білдіреді, оның сипаты, мазмұны туралы айтады

		Әр түрлі бағытта жүгіруді және секіруді меңгеру Балалардың музыкалық аспаптарында ойнау Музыкалық аспаптарды шағын топпен орындауға үйрету	
--	--	--	--

«Әділдік және жауапкершілік айы»

Айы.	Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері	Күтілетін нәтеже
Қараша	Дене шынықтыру	Пән мұғалімінің жоспары бойынша.	
	Дене шынықтыру**	Дербес қимыл белсенділігі. жарыстар ұйымдастыруға деген белсенділігін қолдау Салауатты өмір салтын қалыптастыру. Салауатты өмір салтының маңызды компоненттері: дұрыс тамақтану, қимылдар, ұйқы және күн, ауа мен су және денсаулыққа зиян келтіретін факторлар туралы түсініктерді кеңейту. Мәдени-гигиеналық дағдыларды жетілдіру. қол орамалды пайдалану, белге дейін дымқыл сүлгімен сүрту. Сауықтыру-шынықтыру шаралары. Су температурасын біртіндеп төмендете отырып, қарапайым шараларды өз бетінше жүргізуге дағдыландыру	Гигиеналық шараларды өз бетінше орындайды
	Сөйлеуді дамыту	Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті Айтылуы және дыбысталуы ұқсас дауыссыз г-ғ,к-қ дыбыстарды дұрыс айтуды үйрету Сөздік қор. адамдардың қарым-қатынасын, олардың еңбекке қатынасын білдіретін үстеулермен байыту Тілдің грамматикалық құрылымы. Түбірлес сөздерді жасау және қолдана білу Байланыстырып сөйлеу. әңгімелесу кезінде өзін мәдениетті ұстау, әдепті және сабырлы болу. Шығармашылықпен сөйлеу қызметі. ересектердің көмегімен әңгіменің жалғасын	айтылуы және дыбысталуы ұқсас дауыссыз дыбыстарды анық айтады;

		және соңын ойдан шығару	
	Көркем әдебиет	Шығарма мазмұнын сюжеттің бірізділігін сақтай отырып, эмоциямен, қисынды қайталап айтып беру, диалогтік сөйлеуді дамыту, кейіпкерлерге және олардың әрекеттеріне өз көзқарасын білдіру	шығармалардың мазмұнын эмоциямен қабылдайды;
	Қазақ тілі***	Тілдік дамытушы орта. Қазақ халқының тұрмыста, аң аулауда, мал өсіруде және егіншілікке қажетті құрал жабдықтарымен жабдықталған орта құру Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті. Қазақ тіліне тән ә,ө дыбыстардан тұратын сөздерді дұрыс айтуға дағдыландыру Сөздік қор. Аңшылық кәсіпті (аң,аңшы,орманшы, қорықшы) сөздерімен толықтыру Тілдің грамматикалық құрылымы Сөздерді септеп қолдана білуді Байланыстырып сөйлеу. Таныс немесе бейтаныс ертегілер мен шағын көркем шығармалардың мазмұнын иллюстрациялар бойынша қайталап айтуға	қазақ тіліне тән ә, ө, қ, дыбыстарын, осы дыбыстардан тұратын сөздерді дұрыс айтады;
	Сауат ашу	Сөздерді дыбыстық талдау: сөздегі дыбыстардың ретін, дауысты және дауыссыз дыбыстарды анықтау, жеміс-жидектердің дайын суреттерінің сыртын шетке шығармай бастыру, бояу.	дауысты және дауыссыз дыбыстарды анықтайды;
	Математика негіздері	Жиын. жиындарды бөліктерге бөлу және оларды қайта біріктіру, Сан, санау. Көрнекілік арқылы 6, 7, 8, 9, 10 сандарының пайда болуымен, 0 ден 9 дейінгі цифрмен таныстыру. " Шама. Шамасы бойынша заттардың арасындағы қатынастарды білдіретін математикалық терминдерді қолдану	жиындарды бөліктерге бөледі және оларды қайта біріктіреді;

		Геометриялық пішіндер: денелерді (шар, текше, цилиндр) дұрыс атап, оларды ажырата білуге жаттықтыру Кеңістікте бағдарлау. қозғалыс бағыттары: сол жақтан оң жаққа, Уақытты бағдарлау. Айлар, жыл мезгілдері туралы түсініктерді қалыптастыру, олардың ретін білу және атау, циферблат бойынша уақытты анықтау.	
	Қоршаған ортамен таныстыру	Бала, оның отбасы, үйі: Еңбекқорлық пен жауапкершіліктің маңызын түсіну, Заттық әлем. Заттардың қандай материалдардан жасалғанын өз бетінше анықтау Көлік, байланыс құралдар белгілі бір жұмыс түрін орындау үшін ұялы телефон қолданылуын білу Еңбекке баулу. Ата-ана еңбегін түсіну, Адамгершілік және патриоттық тәрбие. Өз құрдастарын тарта отырып, ұлттық ойындар ойнау, Қазақстан мемлекетінің рәміздеріне құрмет көрсету Жол қозғалысы ережелері. бағдаршамның белгілеріне сәйкес жолдан өту. Табиғатпен таныстыру өлі табиғат заттарын адамның қолымен жасалған заттардан ажырата білу Өсімдіктер әлемі. өсімдік жапырақтары, сабақтарының қозғалуы, Жануарлар әлемі. Бакылау арқылы төрт түліктің пайдасын білу	еңбекқорлық пен жауапкершіліктің маңызын түсінеді;
	Сурет салу	Бейнелеу әдістерін (штрихтар, бояуларды араластырып, кляксография, жіппен) қолдану. Жаңа түстер (күлгін) және реңктерді (көк, қызғылт, қою жасыл) бояуды	

		араластыру арқылы шығару (гуашпен сурет салу кезінде).Түзу, ирек, жіңішке, жалпақ сызықтарды, түрлі көлемдегі дөңгелектерді, жақпаларды, нүктелерді ырғақты орналастыра отырып, қарапайым пішінді өрнектерді құрастыра білуді бекіту, түрлі өлшемді өрнектерді біріктіру, ақ және түрлі-түсті фондарды қолдана отырып, түсті таңдау.	
	Мүсіндеу	Бақылаған заттың бейнесін бере білу, затты әртүрлі қалыптарда мүсіндеу, пішіннің бетін дымқыл шүберекпен тегістеу және кескішті пайдалану.	
	Жапсыру	Жапсырудың түрлі әдістері (симметриялы, сыңарлы симметриялы, сұлбалы) мен тәсілдерін (тура, қисық қию, ою, флористика элементтерін) қолдану, түрлі материалдардан (қағаз, мата, табиғи материалдар) жапсыру.	
	Құрастыру	Құрылыс материалдарынан құрастыру өз бетінше ойдан құрастыруға, Қағаздан құрастыру. Қағаз цилиндрлерден қазақ халқының ұлттық бас киімі кимешек құрастыру Табиғи, қалдық материалдардан құрастыру. Шығармашылық қиялды дамыту, көрнекілікке сүйене отырып, елестетуі, ойлауы бойынша қолдан бұйымдар жасай білу.	ұсынылған тақырыпқа, өз бетінше ойдан құрастырады;
	Музыка	Пән мұғалімінің жоспары бойынша.	
	Музыка*****	Музыка тыңдау: Музыканың сипатын бейненің мазмұнымен, оның көңіл-күйімен байланыстыра білуді қалыптастыру. Ән айту: ән айтар алдында, музыкалық фразалар арасында тыныс алу, Музыкалық-ырғақтық қимылдар:	музыкалық шығармаларға көзқарасын білдіреді, оның сипаты, мазмұны туралы айтады;

		Музыканың және оның бөліктерінің сипатындағы өзгерістерге сәйкес қимылдарды өзгерте отырып, жаттығуларды орындауға үйрету: Билер: Музыкаға сәйкес орындалатын би қимылдарын білу; Балалардың музыкалық аспаптарында ойнау: балалар шығармашылығын дамыту,	
--	--	---	--

«Бірлік және ынтымақ айы»

Айы.	Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері	Күтілетін нәтеже
Желтоқсан	Дене шынықтыру	Пән мұғалімінің жоспары бойынша.	
	Дене шынықтыру**	Дербес қимыл белсенділігі Балалардың дербес қимыл белсенділігін ұйымдастыру Салауатты өмір салтын қалыптастыру. Адамның денсаулығы дұрыс тамақтануға байланысты екені туралы түсініктерді жетілдіру Мәдени-гигиеналық дағдыларды жетілдіру. Осы шараларды жүргізудің және жеке гигиена заттарын пайдаланудың қажеттілігін түсіну. Сауықтыру-шынықтыру шаралары. балалардың денсаулығын, шынықтыру құралдарының әсерлеріне бейімделу деңгейін ескеріп, қарама-қарсы температурадағы сумен шайыну,	Салауатты өмір салтының құндылығын түсінеді
	Сөйлеуді дамыту	Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті Ана тіліндегі дауысты және айтылуы және дыбысталуы ұқсас дауыссыз ж-ш, з-с дыбыстарды дұрыс, анық айтуды үйрету. Сөздік қор. Сөйлегенде көп мағыналы сөздерді, синонимдер мен антонимдерді қолдану, белгілі бір затқа белгілерді, әрекеттерді және берілген әрекетке заттарды таңдай білу Тілдің грамматикалық құрылымы. етістіктерді жалғаулармен қолдану, сөйлеу әдебін, Байланыстырып сөйлеу.	айтылуы және дыбысталуы ұқсас дауыссыз дыбыстарды анық айтады;

		Негізгі ойды дұрыс жеткізе білу Шығармашылықпен сөйлеу қызметі. бақылаулар мен суреттер бойынша сипаттау	
	Көркем әдебиет	Әдеби кейіпкердің белгілі бір әрекетін өзінің қалай қабылдағаны туралы айту, кейіпкерлердің жасырын әрекетін түсіну.	кейіпкерлерге және олардың әрекеттеріне өз көзқарасын білдіреді;
	Қазақ тілі***	Тілдік дамытушы орта. туған өлкенің көрнекі жерлері, әсем табиғаты, тарихи орындары туралы суреттер, фотолар, альбомдармен жабдықталған орта құру. Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті. қазақ тіліне тән қ дыбысын, осы дыбыстан тұратын сөздерді дұрыс айтуға дағдыландыру Сөздік қор. мал өсіруге байланысты (қора, жайлау, қыстау, жем, астау, соғым, сыбаға)сөздермен толықтыру Тілдің грамматикалық құрылымы Сөздерді жіктеп, тәуелдеп, септеп қолдана білуді Байланыстырып сөйлеу. тыңдалған көркем шығарма мазмұнын ретімен жүйелі түрде жеткізу	аңшылық кәсіпке, мал өсіруге байланысты, егіншілік кәсіпке байланысты сөздерді біледі және оны ауызекі тілде өз бетінше қолданады;
	Сауат ашу	Буын туралы ұғымдарды қалыптастыру, сөздерді буындарға бөлу, олардың саны мен ретін анықтау. Буындардан сөздер құрастыруға (ауызша) үйрету.Әр түрлі бағыттағы тігінен , көлденең сызықтарды жазу	сөздерді буындарға бөледі, олардың саны мен ретін анықтайды; берілген буынға сөз құрастырады;

Математика негіздері	Жиын. бүтін жиын мен оның әр бөлігі арасында байланыс орнату Сан, санау. 0 ден 9 дейінгі цифрмен таныстыру. Шама. Заттарды әртүрлі белгілері бойынша (түсі, пішіні, өлшемі, материалы, қолданылуы) салыстыра білуге үйрету. Геометриялық пішіндер: Танымдық-зерттеушілік қызығушылықты, ойлауды, алдына қойылған міндетті шешуде не істеу, қалай істеу керек екенін түсінуге, күрделі формадағы заттарды өз бетінше зерттеуге мүмкіндік беру, Кеңістікте бағдарлау. қозғалыс бағыттары: оң жақтан сол жаққа, Уақытты бағдарлау. Тәулік бөліктерінің ауысуын ("кеше", "бүгін", "ертең"),	әртүрлі белгілері бойынша заттарды салыстыра алады (түсі, пішіні, өлшемі, материалы, қолданылуы);
Қоршаған ортамен таныстыру	Бала, оның отбасы, үйі: өзін-өзі құрметтеу, өз күші мен мүмкіндіктеріне деген сенімділікті арттыру Заттық әлем. Заттардың қандай материалдардан жасалғанын өз бетінше анықтау және талдау, Көлік, байланыс құралдары: белгілі бір жұмыс түрін орындау үшін смартфон қолданылуын білу, Еңбекке баулу. адамдардың еңбектеріндегі өзара байланыстарды байқау. Еңбек ардагерлерін, қарттарды құрметтеу, үлкенді сыйлау,	төрт түліктің пайдасын біледі, оларды күтіп-баптайды;

		олардың еңбегін бағалау. Адамгершілік және патриоттық тәрбие. Туған өлке, ел, Отан, мемлекеттік және халықтық мерекелер, еліміздің рәміздері, оның маңызы туралы білімдерін кеңейту. Қазақстан Республикасының Президенті, оның халық үшін атқаратын қызметінің маңыздылығын түсіну. Жол қозғалысы ережелері. Жол қозғалысының қарапайым ережелерін, жаяу жүргіншілер мен велосипедшілердің қозғалыс ережелерін сақтау. Табиғатпен таныстыру Тірі және өлі табиғат Өсімдіктер әлемі. гүлдердің күн шыққанда жапырақтарының ашылуы және кешке жабылуы, Жануарлар әлемі. төрт түлікті күтіп-баптау, жылдың әр мезгілінде олардың сыртқы түрі мен тіршілік ету ерекшеліктерін сипаттау,	
	Сурет салу	Қазақ ою-өрнектерінің түрлері ("түйетабан", "құсқанаты", "құстұмсық", "жапырақ", "жауқазын", "жетігүл", "жұлдызгүл") туралы түсінігін кеңейту, өзіне тән элементтерді пайдалана отырып, оларды құрастыра білуін дамыту. Қазақ ою-өрнектерінің сипатын, колоритін жеткізе отырып, көлемді пішіндерді бояу, парақтың ортасын, бұрыштарын, жоғарғы, төменгі, оң және сол жақтарын ажырату, тік сызықтардың әртүрлі үйлесуімен құрылған қазақ ою-өрнегінің элементтерін салу	қазақ ою-өрнектерінің түрлерін біледі;
	Мүсіндеу	Адамның бейнесін, жануарлардың қимылдарын, қол-аяқтардың қалпын дұрыс мүсіндеу. Заттардың ұзын және қысқа, жуан және жіңішке белгілерін көрсете білу, бөліктердің салыстырмалы көлемдерін сақтау, мүсінделген пішіндердің бөліктерін бір-біріне қосып, біріккен жерлерін тегістеу.	қарапайым пропорцияларды сақтай отырып, адам мен жануардың пішіндерін мүсіндейді;
	Жапсыру	Қазақ халқының тұрмыстық заттарымен таныстыру, ою-өрнектермен безендіру(кілем, алаша, сырмақ, ши, көрпе,	қазақ халқының тұрмыстық заттарын, киіз үйдің

		жастық), трафареттермен жұмыс істеу	жабдықтарын таниды, оларды қиып жапсырады, ою-өрнектермен безендіреді
	Құрастыру	Құрылыс материалдарынан құрастыру. Өз бетінше ойдан құрастыру Қағаздан құрастыру. қазақ халқының ыдыстарын құрастыру, Табиғи, қалдық материалдардан құрастыру. Қазақ халқының табиғи материалдардан жасалған бұйымдарымен, киіз үйдің жасауларымен таныстыру,	қазақ халқының табиғи материалдардан жасалған бұйымдарын, киіз үйдің жасауларын
	Музыка	Пән мұғалімінің жоспары бойынша.	
	Музыка****	Музыка тындау: Өмірдің кейбір құбылыстарын бейнелеу тәсілі ретінде әлемдік және қазақ музыка өнерінің шығармаларымен таныстыру. Ән айту: әннің сөздерін анық айту, Музыкалық-ырғақтық қимылдар: марш сипатын анық ырғақты жүрумен; Билер: би қимылдарының элементтерін жеңіл, еркін орындау; Балалардың музыкалық аспаптарында ойнау: балаларды белсенділікке, дербестікке баулу.	әннің сөзін анық айтады, музыка сипатын қабылдайды және жеткізеді;

«Заң жәнетәртiп айы»

Айы.	Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған ісәрекеттің міндеттері	Күтілетін нәтеже
Қаңтар	Дене шынықтыру	Пән мұғалімінің жоспары бойынша.	
	Дене шынықтыру**	Дербес қимыл белсенділігі меңгерген қимыл дағдыларын жетілдіру үшін серуен өткізілетін орынды жабдықтау Салауатты өмір салтын қалыптастыру. Адамның денсаулығына гигиена мен күн тәртібінің ықпалы туралы түсініктерді кеңейту Мәдени-гигиеналық дағдыларды жетілдіру. Гигиеналық шараларды жүргізуде балалардың өзара көмегін қолдау Сауықтыру-шынықтыру шаралары. балалардың денсаулығын, шынықтыру құралдарының әсерлеріне бейімделу деңгейін ескеріп, қарама-қарсы температурадағы сумен шайыну,	Салауатты өмір салтының құндылығын түсінеді
	Сөйлеуді дамыту	Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті Ана тіліндегі дауысты және айтылуы және дыбысталуы ұқсас дауыссыз н-ң, р-л дыбыстарды дұрыс, анық айтуды үйрету Сөздік қор.Алуан түрлі заттарды сипаттауға, қарым-қатынас жасауға қажетті сөздерді қолдану және түсіну, оларды сөйлегенде белсенді қолдану дағдыларын қалыптастыру. Тілдің грамматикалық құрылымы. сөйлеу әдебін, Байланыстырып сөйлеу. монологты байланыстырып құра білу, әңгімені бірізді айту, Шығармашылықпен сөйлеу қызметі. хабарлау әңгімелерін құрастыру	әңгімелесу кезінде өзін мәдениетті, әдепті ұстайды;
	Көркем әдебиет	Өлеңді жатқа, мәнерлеп, интонациямен айту. Көркем шығарманы рөлдерге бөліп,	өлеңдерді мәнерлеп,

		сахналау, рөлдерде кейіпкердің көңіл күйі мен мінезін, бейненің қимылын, интонациясы мен мимикасын беру, қойылымдағы өзінің рөлін мәнерлі дербес орындау.	интонациямен оқиды;
	Қазақ тілі***	Тілдік дамытушы орта. туған өлкенің көрнекі жерлері, әсем табиғаты, тарихи орындары туралы суреттер, фотолар, альбомдармен жабдықталған орта құру. Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті. қазақ тіліне тән ү, ұ дыбыстарын, осы дыбыстардан тұратын сөздерді дұрыс айтуға дағдыландыру Сөздік қор. егіншілік кәсіпке байланысты (дән, тұқым, суару, отау, ору, диірмен, орақ, кетпен, шалғы, айыр, күрек, тырма, соқа) сөздермен толықтыру Тілдің грамматикалық құрылымы интонациясы бойынша хабарлы сөйлемдерді ажырату Байланыстырып сөйлеу. кейіпкерлердің диалогын мәнерлі интонациямен беруге, шығарманы рөлдерге бөліп сомдауға, кейіпкерлердің мінез-құлқын жеткізуге баулу, шығарманы еркін талқылауға мүмкіндік беру.	интонациясы бойынша сөйлемдерді (хабарлы, сұраулы, лепті) ажыратып, сөйлегенде қолданады;
	Сауат ашу	Сөйлем туралы бастапқы түсініктерді қалыптастыру (грамматикалық анықтамасыз), сөйлем сөздерден тұратынын түсіну.Қысқы, ұзын сызықтарды үлгі бойынша жазуға мүмкіндік беру	сөйлем сөздерден тұратынын біледі; берілген сөздерден жай сөйлемдер құрастырады;
	Математика негіздері	Жиын. жиынның бөліктен үлкен екенін, бөліктің жиыннан кіші екенін, Сан, санау. Қанша?", "Нешінші?" сұрақтарын ажырату, оларға дұрыс жауап беру. Шама. Шартты өлшемнің көмегімен заттардың	«Қанша?», «нешінші?» сұрақтарын ажыратады, оларға дұрыс жауап береді;

	ұзындығын, енін, биіктігін өлшеу Геометриялық пішіндер: қоршаған ортадан геометриялық фигураларға ұқсас заттарды табу, олардың пішіндерін анықтау. Кеңістікте бағдарлау. қозғалыс бағыттары: жоғарыдан төменге Уақытты бағдарлау. оқиғалардың ретін ("алдымен – содан кейін", "бұрын – кейінірек") анықтау.	
